

Әдебиеттану / *Literary studies* / Литературоведение

ГТАР 17.82.30

Ғылыми мақала

А.Жорашова<sup>1</sup>, М.Арслан<sup>2</sup><sup>1</sup>Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ., Қазақстан<sup>2</sup>Памуккале университеті, Денизли қ., Түркия(E-mail: <sup>1</sup>ayzhan.zhorashova@mail.ru, <sup>2</sup>marслан@pau.edu.tr)**Қазіргі қазақ прозасының поэтикасы: тенденциялар мен бағыттар**

**Аңдатпа.** Мақалада қазіргі қазақ прозасының поэтикалық ерекшеліктері, оның негізгі даму тенденциялары мен көркемдік бағыттары жан-жақты қарастырылады. Зерттеу нысаны ретінде тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ прозасының үлгілері алынып, олардың баяндау құрылымы, нарративтік стратегиялары және көркемдік жүйесі талданады. Жұмыста қазіргі прозадағы дәстүрлі реалистік баяндау үлгілерінің сақтала отырып, модернистік және постмодернистік поэтиканың (интермәтінділік, фрагментарлық, ирония) элементтерімен толықтырылуы, көркем мәтіннің құрылымдық күрделенуі мен көпқабатты сипаты айқындалады. Сонымен қатар фрагментарлық баяндау, уақыт пен кеңістіктің шартты берілуі, көпдауысты құрылым, ішкі монолог пен жанама дискурс формаларының белсенді қолданылуы қазіргі қазақ прозасының маңызды поэтикалық белгілері ретінде қарастырылады.

Мақалада мифопоэтикалық құрылымдардың жаңаша интерпретациялануы, архетиптік бейнелердің көркем мәтіндегі қызметі және интермәтіндік байланыстардың көрінісі талданып, олардың ұлттық әдебиеттің жаңаруындағы рөлі анықталады. Жекелеген шығармаларды талдау арқылы қазіргі қазақ прозасының көркемдік ізденістері, авторлық баяндау жүйесінің ерекшеліктері мен кейіпкер табиғатын ашудағы нарративтік тәсілдердің қызметі сараланады. Сонымен бірге қазіргі прозадағы жанрлық трансформациялар мен көркемдік эксперименттердің әдеби үдерістегі орны айқындалады.

Зерттеу нәтижесінде қазіргі қазақ прозасының поэтикасы дәстүр мен жаңашылдықтың сабақтастығында дамып, ұлттық әдебиеттің сапалық тұрғыдан жаңа деңгейге көтерілгені дәлелденеді.

**Түйін сөздер:** қазақ прозасы, поэтика, нарратив, баяндау құрылымы, мифопоэтика, постмодернизм, әдеби үдеріс

DOI: <https://doi.org/10.71078/jkwegt16>

Түсті: 18.02.2026; Мақұлданды: 27.03.2026; Онлайн қолжетімді: 04.04.2026.

**Кіріспе**

Қазіргі қазақ әдебиеті, оның ішінде көркем проза жанры тәуелсіздік жылдарынан кейін қарқынды даму мен жаңғыру кезеңін бастан өткеруде. Әдеби үдерістегі бұл өзгерістер қоғамдағы әлеуметтік-саяси трансформациялармен тығыз байланысты. Кеңестік кезеңде үстем болған идеологиялық қысым мен цензуралық шектеулер көркем шығармалардың тақырыптық аясын белгілі бір деңгейде тарылтқаны белгілі. Соның салдарынан ұлттық әдебиетте көптеген тарихи және әлеуметтік мәселелер толыққанды көрініс таба алмады.

Тәуелсіздік алғаннан кейін қазақ әдебиетінде бұрын «ақтаңдақ» болып келген

тақырыптарды игеру үдерісі жанданып, тарихи шындықты қайта пайымдау, ұлттық сананы жаңғырту бағытындағы көркем ізденістер күшейді. Бұл кезеңде әдебиет тек мазмұндық тұрғыдан ғана емес, поэтикалық деңгейде де өзгерістерге ұшырады. Жазушылар жаңа көркемдік формаларды игеріп, баяндаудың тың тәсілдерін қолдана бастады.

Осы тұрғыдан алғанда қазіргі қазақ прозасының поэтикасын зерттеу өзекті ғылыми мәселелердің бірі болып табылады. Қазіргі прозада дәстүрлі баяндау үлгілері мен жаңашыл көркемдік тәсілдер қатар дамып, жанрлық және стильдік трансформациялар байқалады. Сонымен қатар постмодернистік элементтердің, интермәтінділіктің, авторлық баяндау ерекшеліктерінің көрінісі ұлттық әдебиеттің жаңа сапалық деңгейге көтерілгенін көрсетеді.

Зерттеу жұмысының мақсаты – қазіргі қазақ прозасының поэтикалық ерекшеліктерін айқындап, оның негізгі даму тенденциялары мен көркемдік бағыттарын талдау. Осы мақсатқа жету үшін тәуелсіздік кезеңіндегі көркем прозаның мазмұндық және стильдік сипаты сараланып, әдеби үдерістегі жаңашыл құбылыстар жүйеленеді.

### **Зерттеу әдістемесі**

Зерттеу барысында қазіргі қазақ прозасының поэтикалық ерекшеліктерін айқындау мақсатында бірқатар ғылыми әдістер кешені қолданылды. Атап айтқанда, тарихи-әдеби әдіс арқылы көркем прозаның тәуелсіздік кезеңіндегі даму үдерісі қарастырылды. Салыстырмалы-талдау әдісі негізінде әртүрлі авторлардың шығармалары өзара салыстырылып, олардың мазмұндық және стильдік ерекшеліктері сараланды.

Сонымен қатар поэтикалық талдау әдісі көркем мәтіндердің құрылымдық, композициялық және тілдік қырларын анықтауға мүмкіндік берді. Осы ретте баяндау құрылымы (нарративтік құрылым), авторлық позиция, кейіпкер жүйесі және уақыт пен кеңістік категориялары арнайы талдау нысанына алынды. Бұл тәсілдер қазіргі қазақ прозасындағы көркемдік ізденістердің ішкі механизмдерін ашуға негіз болды.

Зерттеу барысында әдебиеттану ғылымында қалыптасқан теориялық тұжырымдар басшылыққа алынып, көркем шығармалар кешенді түрде қарастырылды. Зерттеу нысаны ретінде тәуелсіздік кезеңінде жазылған қазақ прозасының үлгілері алынып, олардың поэтикалық жүйесі мен авторлық баяндау ерекшеліктері талданды.

### **Тақырыптың зерттелу дәрежесі**

Қазіргі қазақ прозасының даму үрдістері мен поэтикалық ерекшеліктері отандық әдебиеттанушылар тарапынан жан-жақты зерттеліп келеді. Қазақ әдебиеттану ғылымында көркем шығарма поэтикасы, жанр табиғаты және әдеби үдеріс мәселелері З.Қабдолов, Р.Нұрғали, С.Қирабаев еңбектерінде қарастырылып, көркем әдебиетті талдаудың теориялық негіздері қалыптастырылды (Қабдолов, 1996; Нұрғали, 1986; Қирабаев, 2013).

Қазіргі кезеңдегі прозаның көркемдік жүйесі мен авторлық поэтикасы Б.Майтанов, Г.Орда, Ж.Жарылғапов еңбектерінде қарастырылып, көркем мәтіннің құрылымы мен баяндау ерекшеліктері сараланады (Майтанов, 2011; Орда, 2007; Жарылғапов, 2009). Сонымен қатар Т.Есембеков еңбектерінде әдеби мәтінді құрылымдық және семиотикалық тұрғыдан талдау мәселелері жан-жақты қарастырылып, нарративтік талдау тәсілдері ерекше ғылыми бағыт ретінде айқындалады (Есембеков, 2023). Ғалым көркем мәтіндегі баяндау құрылымын, мағыналық қабаттар жүйесін және семиотикалық белгілердің қызметін талдау арқылы әдеби мәтінді интерпретациялаудың жаңа мүмкіндіктерін ұсынады.

Тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ прозасының мазмұндық және стильдік ізденістері, жаңа бағыттары мен жанрлық трансформациялары «Тәуелсіздік тудырған романдар»

атты ұжымдық еңбекте жан-жақты талданады. Аталған зерттеуде Қ.Алпысбаев, Ж.Аймұхамбет, Қ.Байтанасова, Б.Ердембеков сынды ғалымдардың ғылыми тұжырымдары көрініс тапқан (Тәуелсіздік тудырған романдар, 2012).

Қазақ прозасының нарративтік құрылымы мен баяндау стратегиялары Б.Майтанов, С.Ананьева, Л.Сафронова, Н.Исина, А.Джундубаева еңбектерінде арнайы зерттеліп, постмодернистік прозаның поэтикалық жүйесі ғылыми тұрғыдан негізделген (Джундубаева, 2015).

Көркем мәтіннің поэтикасы мен құрылымын талдауда М.Бахтиннің роман теориясы, Ю.Лотманның семиотикалық тұжырымдары, Р.Барттың мәтін теориясы қазіргі прозаны зерттеуде маңызды әдіснамалық негіз ретінде алынады (Бахтин, 1979; Лотман, 1970; Барт, 1989).

Осы зерттеулерге сүйене отырып, қазіргі қазақ прозасының поэтикасын, оның ішінде баяндау құрылымы мен көркемдік стратегияларын жүйелі түрде қарастыру қажеттілігі туындайды.

### **Нәтижелер мен талқылаулар**

Жалпы, қазіргі көркем прозада модернизм, постмодернизм ағымдарының түрліше формаға еніп, әртүрлі баяндау стильдерінде трансформацияланып жатқаны мәлім.

Әлемдік стильдік тенденция ретінде дамыған неомифологизмнің құбылушылық тәсілінде жазылған бір топ шығармаларында да авторлық баяндау түрленіп қолданылуда. Мұндай тәсілде жазылған қазақ әдебиетіндегі біршама шығармалардың дені, өмірге басқа танымдық позициядан қарауды ұсынды. Мәселен, О.Бөкейдің «Бурасы», «Кербұғысы», М.Мағауиннің «Тазының өлімі», «Жүйрігі», Ә.Кекілбаевтың «Бәйгеторысы», С.Санбаевтың «Ақ аруанасы», кейінгі жылдары жарық көрген Ш.Мұртазаның «Алапар мен Дингосы» барлығы да жаратылыс пен әлем моделін басқа қырынан қарауды, терең ойлануды ұғындырады. Бұл жөнінде арнайы зерттеп жүрген ғалым Г.Алтаева мынадай пікір білдіреді: «Өмір құбылыстарының мәнісіне тереңдеу арқасында туған анималистік проза баяндау үдерісіне “төртінші жақты” алып келді. Авторға айналадағы ақиқатқа бірнеше позициялардан үңілу мүмкіндігі туды» (Altaeva, 2014). Бұл анималистік прозадағы баяндау құрылымының эволюциясы «төртінші жақ» формасының қалыптасуына алып келгенін көрсетеді.

Автор қандай баяндау формасын қолданса да, әлемнің көркем моделін жасауда өзіндік стильдік ерекшелігін, объективті, субъективті нысанда қарастыра отырып баяндайтыны анық.

Тәуелсіздік жылдарындағы лирикалық прозада баяндау тәсілі, авторлық ұстаным тұрғысынан түрленіп, өзіндік стильдік ерекшелікке айналып отырғаны мәлім. Мәселен, Ш.Мұртазаның «Ай мен Айша» романы, қазіргі әдебиеттің классикалық көлемді жанрына жататын туынды. Жанрлық сипатына қарай мемуарлық шығарма деп танылған. Біз бұл туындыны автор бейнесі категориясынан емес, автордың баяндау ерекшелігі, лирикалық сарыны тұрғысынан қарастырсақ, нағыз шедевр туындылардың бірі деп айта аламыз.

Лирикалық прозада өзіндік стилімен ерекшеленген жазушы «Ай мен Айша» романы арқылы шеберлік мектебінің шыңын көрсете білді. Ай мен диалогке түсетін Айша тағдыры, халық басына түскен нәубет, халық жауы атанған Мұртаза және осының бәрін көріп, кішкентай түйсігімен сезіне білген Барысхан образдары нәзік лиризммен берілген сыршыл бейнелер. «Мен» формасымен баяндалған әңгімеші тұлғасы (Барысхан) мен бас кейіпкермен тұтасып көрінетін Айшаның биік деңгейдегі типтік бейнесі соғыс кезеңіндегі халық тағдырын көз алдыға алып келеді (Мұртаза, 2006).

Шығармада аспандағы Ай мен Айша арасындағы параллель байланыс көркем туындының тұтас поэтикалық әлемін қалыптастыратын маңызды символдық элемент ретінде көрінеді. Бұл тәсіл арқылы автор кейіпкердің ішкі әлемі мен көркем кеңістікті

өзара сабақтастыра отырып, шығарманың лирикалық-психологиялық мазмұнын тереңдетеді.

Осы тұрғыда Иван Буниннің «Жизнь Арсеньева» атты мемуарлық шығармасындағы әңгімелеуші тұлға мен аспандағы жұлдыз арасындағы символикалық байланысқа назар аударуға болады (Бунин, 2013). Екі шығармада да аспан денелері кейіпкердің рухани күйін бейнелейтін көркемдік деталь ретінде қызмет атқарып, баяндау құрылымының маңызды құрамдас бөлігіне айналады.

Лирикалық прозаның реалистік үлгілерін қалыптастырған қос жазушыда да мұндай символдық детальдар мәтін ішінде қайталанып отырады. Бұл қайталаулар шығарманың композициялық тұтастығын қамтамасыз етіп қана қоймай, оның эстетикалық әсерін күшейтетін поэтикалық құрал ретінде көрінеді. «Ай мен Айша» романы бірінші жақтан, автордың әңгімелеуші тұлғасымен баяндалған. Мұнда автор-әңгімелеуші формасын көре аламыз.

Жазушының кейінгі кезеңде шыққан «Бойтұмар» әңгімесі де «Ай мен Айша» романының бір бөлшегі іспетті. Себебі, мұндағы кейіпкерлер де, сол Жуалы ауылы да романдағы автор танымымен суреттеледі. Әңгімеде де Барысхан өзінің тапқырлығымен, өжеттілігімен ерекшеленген бейнеде көрінеді. Мұнда да автор-әңгімелеуші формасы айқын аңғарылады.

Тәуелсіздік жылдарындағы қазақ әдебиетінің даму үрдістері қазіргі әдебиеттануда жан-жақты қарастырылып келеді. Осы кезеңдегі көркем прозаның жаңару сипаты туралы зерттеулерде жаңа буын қаламгерлерінің қалыптасуы ерекше аталады. Мәселен, Н.Смағұлова тәуелсіздік кезеңінде әдебиетке келген жазушылар қатарын атап көрсете отырып, олардың көркемдік ізденістерінде реалистік және романтикалық әдістермен қатар поэтикалық өрнектердің кеңінен қолданылатынын айтады. Ғалымның пікірінше, Д.Әшімханов, Р.Мұқанова, А.Алтай, Н.Ораз, Қ.Аманжол, Қ.Түменбай, С.Оспанов, Қ.Жиенбай, Т.Ахметжан, Д.Рамазан, А.Кемелбаева, Д.Амантай сынды қаламгерлер әдебиетке жаңа серпін әкелген буын ретінде танылады (Смағұлова, 2010).

Осы тұрғыдан алғанда, зерттеу жұмысында тәуелсіздік жылдарындағы қазақ көркем прозасын негізге алу қазіргі әдеби үдерістегі поэтикалық ізденістерді айқындауға мүмкіндік береді.

Қазіргі қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдерінің бірі Р.Мұқанова шығармаларында баяндаудың өзіндік стильдік сипаты айқын байқалады. Жазушы кейіпкерлер арасындағы тартыс арқылы олардың характерін ашуда баяндаушы монологін, ішкі монолог пен диалог формаларын шебер қолданады (Мұқанова, 2008).

Жазушының «Құдірет кие» және «Мұң» әңгімелері қасиетті ана бейнесі арқылы рухани-танымдық мәселелерді көтеретін туындылар болып табылады. «Құдірет кие» әңгімесі үшінші жақтан баяндалғанымен, шығарма Өлең ананың Тәңірге жалбарынған монологінен басталып, оқырманды бірден тарихи-мифологиялық кеңістікке енгізеді (Мұқанова, 2008).

Шығармада баяндаушыдан гөрі кейіпкерлер сөзінің қызметі басым. Сондықтан мәтінде жанама дискурс формасы айқын көрінеді. Кейіпкердің ішкі монологтері мен диалогтері арқылы олардың психологиялық жай-күйі мен дүниетанымы ашылып, баяндау құрылымы күрделене түседі. Өлең ананың өз мұңын табиғатпен (жел, аспан) тілдесу арқылы жеткізуі көркем мәтіндегі символикалық кеңістікті кеңейтеді.

Көркем туындының мазмұны құдірет, кие ұғымдары төңірегінде өрбіп, адам мен Тәңір, ана мен перзент арасындағы рухани байланыс мәселесін алға шығарады. Автор қандай билік иесі болмасын, адамгершілік пен ананың алдындағы борыштан биік ештеңе жоқ деген идеяны ұсынады. Бұл тұрғыда Шыңғыс хан бейнесі арқылы билік пен руханият арасындағы қайшылық көрсетіледі.

Шығармада баяндау құрылымы бірнеше позицияның (Өлең ана, Шыңғыс хан, Хасар,

табиғат) өзара алмасуы арқылы жүзеге асып, тартыс көпқырлы сипат алады. Мұндай нарративтік тәсілдер көркем мәтіннің эстетикалық тұтастығын қамтамасыз етіп, оны қазіргі қазақ прозасындағы күрделі поэтикалық жүйелердің біріне айналдырады.

Қаламгер Роза Мұқанова «Мұң» әңгімесінде қарт кейуана образы арқылы қасиетті ана тақырыбын терең пайымдайды. Шығармада үнемі уайым мен болашақты ойлаумен жүретін ана бейнесі жоғары рухани деңгейдегі, киелі тұлға ретінде көркем бейнеленеді. Автор кейуана мен жер бетіндегі адамдар арасындағы диалогтер арқылы қазіргі қоғамдық мәселелерді де астарлы түрде жеткізеді (Мұқанова, 2008).

Жазушының «Өзің» әңгімесі тақырыптық әрі құрылымдық тұрғыдан ерекшеленетін туынды болып табылады. Мұнда автор баяндаудың сирек қолданылатын екінші жақ («сен») формасына жүгініп, нарративтік эксперимент жасайды. Шығарма басынан бастап осы формада өрбіп, кейін екі кейіпкер арасындағы диалог арқылы дамиды. Көркем мәтінде екі тұлға – Сергей Иванович Калымков пен әңгімелеуші – параллель беріліп, олардың арасындағы сұхбат өнер туралы терең дискурсқа ұласады. Бұл шығармада әңгімелеуші-кейіпкер формасының басымдығы байқалып, баяндау құрылымы күрделене түседі (Мұқанова, 2008).

Өнер тақырыбы жазушы шығармашылығында маңызды орын алады. Осы бағыттағы туындыларында автор қазіргі қоғамның, билік пен өнер арасындағы қатынастың күрделі сипатын бейнелейді. Басқа шығармаларымен салыстырғанда, бұл туындыда кейіпкер бейнесі диалог арқылы ашылып, оның рухани болмысы мен өнерге тән қасиеттері айқын көрінеді.

Жазушының «Композитор» әңгімесі де өнер тақырыбына арналған және терең философиялық мазмұнымен ерекшеленеді. Бұл шығармада баяндау үшінші жақ арқылы жүзеге асқанымен, баяндаушы мен кейіпкер позициялары жақындасып, нарративтік тұтастық қалыптасады. Баяндаушы композитордың ішкі әлемін, психологиялық күйзелісін аша отырып, қоғамдағы рухани дағдарысты да көрсетеді (Мұқанова, 2008).

Шығармада өнердің ауыр жүгін көтере алмаған композитордың трагедиялық бейнесі сомдалады. Оның ішкі қайшылықтары мен қоғамнан шеттетілуі көркемдік тұрғыдан терең бейнеленген. Муза бейнесі – Айжарқын арқылы автор шығармашылық пен руханият мәселесін көтереді. Композитордың елеске айналған бейнемен сұхбаты шығармадағы символикалық деңгейдің күшеюіне алып келеді.

Елес кейіпкердің мынадай сөздері шығарма идеясының түйінін ашады:

«Сен оралмайсың өзің талақ еткен ортаға... Сенің рухың көкте...» (Мұқанова, 2008: 44).

Бұл диалог арқылы автор адам жанының тазалыққа, рухани биіктікке ұмтылысын көрсетеді. Композитордың жердегі өмірден гармония таба алмай, рухани кеңістікке бет бұруы шығармадағы негізгі философиялық идеяны айқындайды.

Жалпы алғанда, «Композитор» әңгімесіндегі басты кейіпкер образы арқылы автор ұлы өнердің қадір-қасиетін, оның адам болмысындағы орнын терең пайымдайды. Көркем мәтінде автордың имплицитті позициясы айқын көрініп, баяндау құрылымы мен символикалық жүйе өзара сабақтастықта беріледі (Мұқанова, 2008).

Жалпы кейінгі жылдары жарық көрген бір топ шығармалардың ішінде өнердің ұлылығы, қадір-қасиеті туралы туындыларды кездестіреміз. Атап айтсақ, Т.Ахметжанның «Сынық қанат көбелек», «Сұлу мен суретші», «Айсәуле», Н.Ораздың «Қайыршының жұлдызы» т.б. шығармалардың тақырыбы, мазмұн сонылығы ұлы өнердің ауыр жүгі хақында баяндалған.

Қазіргі қазақ прозасындағы мифопоэтикалық ізденістермен нарративтік құрылымның күрделенуі А.Кемелбаева шығармаларынан айқын көрінеді. Жазушының «Қоңырқаз» әңгімесі шағын жанрда жазылғанымен, мазмұндық тереңдігі мен символикалық құрылымы арқылы ерекшеленеді. Туынды адамзаттық рух, жаратылыстың тылсым күші

мен киесі туралы философиялық ойларға негізделген.

Шығарма «Ганс Христиан Андерсеннің рухына» арналған эпиграфпен басталып, оқырманды бірден мифологиялық әрі символикалық кеңістікке жетелейді. Мұнда авторлық баяндау мен кейіпкер санасы өзара тоғысып, нарративтік біртұтастық қалыптасады. Қаршыға бейнесі экзистенциялық күй кешкен, қоғамнан оқшауланған тұлға ретінде көрініп, қазіргі заман адамының типтік моделін танытады.

Хорлан (Қоңырқаз) образы – неомифологизм аясында жасалған символдық кейіпкер. Оның құс табиғатына жақындығы мен тылсым әлемге тартылуы адам мен жаратылыс арасындағы шекараның шартты екенін көрсетеді. Осы тұрғыда табиғат пен адам болмысы біртұтас жүйе ретінде қарастырылады. Кейіпкердің соңында өз табиғи ортасына – аққулар әлеміне оралуы мифологиялық архетиптермен үндес келеді (Кемелбаева, 2024).

Мәтінде баяндаушының позициясы кейіпкерлердің ішкі әлемімен сабақтасып, авторлық таным имплицитті түрде беріледі. Бұл тәсіл көркем мәтіндегі мағыналық қабаттардың тереңдеуіне ықпал етеді. Сонымен қатар символдық детальдар мен мифологиялық мотивтер туындының эстетикалық тұтастығын қамтамасыз етеді.

Осы тұрғыда А.Алтайдың «Кентавр» әңгімесімен мазмұндық және поэтикалық үндестікті байқауға болады. Бұл шығармада да ерекше жаратылған кентавр бейнесі табиғат аясында суреттеліп, адамзат қоғамынан алшақ өмір сүруімен ерекшеленеді. Кейіпкердің өз табиғи ортасына қайта оралуы жаратылыс заңдылықтарымен түсіндіріледі (Алтай, 2013).

Екі шығармада да баяндау авторлық позиция арқылы жүзеге асып, шағын жанрдың талаптарына сай жинақы құрылымда беріледі. Қоңырқаз бен кентавр образдары – адам мен табиғаттың тоғысында тұрған, мифологиялық сипатқа ие символдық бейнелер. Мұндай кейіпкерлер әлемдік мифологиядағы архетиптік үлгілермен сабақтасып, қазіргі әдебиетте неомифологизм аясында қайта жаңғырады.

Осылайша, аталған шығармалардағы мифологиялық бейнелердің көркем мәтінде жаңаша интерпретациялануы қазіргі қазақ прозасының поэтикалық жүйесінің жаңаруын және көркемдік ойлаудың жаңа деңгейге көтерілгенін айғақтайды.

Жазушының «Тобылғысай», «Жезтырнақ», «Қақпаншы», «Кірпі» әңгімелерінде баяндау құрылымы одан әрі күрделене түседі. Бұл туындыларда автор әртүрлі баяндау формаларын – авторлық баяндау, кейіпкерлік баяндау және әңгімеші-кейіпкер моделін қатар қолданады. Мысалы, «Тобылғысай» әңгімесінде баяндау бастапқыда автор позициясынан беріліп, кейін кейіпкердің «мен» формасына ауысады. Бұл тәсіл нарративтік перспективаның ауысуын қамтамасыз етеді.

Ал «Жезтырнақ», «Қақпаншы», «Кірпі» әңгімелерінде баяндау толықтай кейіпкер-әңгімеші тарапынан жүзеге асып, фольклорлық сюжеттер мен мифтік бейнелер жаңаша интерпретацияланады. Мұнда жезтырнақ, тылсым аң бейнелері арқылы ұлттық дүниетаным элементтері көркем мәтінге енгізілген. Бұл шығармаларда автордың имплицитті бейнесі интеллектуалдық және философиялық деңгейде көрінеді (Кемелбаева, 2024).

А.Кемелбаеваның «Арзу» әңгімесі лирикалық прозаның жарқын үлгілерінің бірі ретінде ерекшеленеді. Шығармада махаббат тақырыбы мифологиялық және философиялық деңгейде пайымдалып, баяндау құрылымы арқылы кейіпкерлердің ішкі әлемі терең ашылады. Археолог кейіпкердің баяндауы арқылы уақыт пен кеңістік категориялары нақты көрсетілгенімен, оқиға желісі символикалық сипатқа ие болады.

Шығармада эпиграф ретінде алынған поэтикалық үзінді бүкіл мәтіннің идеялық өзегін айқындап, оның эстетикалық әсерін күшейтеді. Сонымен қатар, авторлық ремаркалар арқылы берілген философиялық тұжырымдар көркем мәтіндегі имплицитті мағыналарды тереңдете түседі. Қос ғашық бейнесі арқылы мәңгілік сағыныш, рухани байланыс идеясы көрініс табады (Кемелбаева, 2024).

Жалпы алғанда, А.Кемелбаева шығармаларындағы баяндау құрылымы мен мифопоэтикалық жүйе қазіргі қазақ прозасының жаңа көркемдік бағыттарын айқындайды. Автордың нарративтік стратегиялары, символдық бейнелері және имплицитті баяндау тәсілдері ұлттық әдебиеттің сапалық тұрғыдан жаңаруын көрсетеді.

Қос суреткер Р.Мұқанова мен А.Кемелбаева шығармалары мазмұндық жаңашылдығымен, тақырыптық сонылығымен және стильдік даралығымен ерекшеленеді. Жазушылар қолданған баяндау түрлері мен нарративтік тәсілдер қазіргі қазақ прозасына жаңа көркемдік серпін әкелгенін аңғартады. Олардың шығармаларында қоғамның рухани ахуалы, адам мен жаратылыс арасындағы байланыс, дүниетанымдық мәселелер авторлық таным аясында терең пайымдалып, өзіндік поэтикалық жүйе қалыптастырады.

Тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ прозасы мазмұндық қана емес, поэтикалық тұрғыдан да елеулі өзгерістерге ұшырады. Бұл өзгерістер ең алдымен көркем мәтіннің құрылымынан, баяндау жүйесінен және авторлық стратегиялардан айқын байқалады. Қазіргі прозада дәстүрлі реалистік баяндау үлгілері сақталғанымен, жаңа көркемдік тәсілдермен толықтырылып, күрделі поэтикалық жүйе қалыптасты.

Қазіргі қазақ прозасының маңызды ерекшеліктерінің бірі – баяндау құрылымының трансформациясы. Классикалық желілік сюжетке негізделген баяндау тәсілінің орнына фрагментарлық құрылым, уақыт пен кеңістіктің шартты берілуі, авторлық және кейіпкерлік баяндаудың араласуы кеңінен қолданысқа енді. Бұл құбылыс көркем мәтіннің көпқабатты сипатын күшейтіп, оқырманның мәтінді қабылдау үдерісін күрделендіреді.

Сонымен қатар қазіргі прозада нарративтік стратегиялардың әртүрлілігі байқалады. Авторлар дәстүрлі баяндаушы позициясынан бас тартып, көпдауысты (полифониялық) құрылымды қалыптастыруға ұмтылады. Бұл ретте кейіпкердің ішкі монологі, сананың ағымы, авторлық ирония мен интермәтіндік байланыстар маңызды рөл атқарады. Мұндай тәсілдер мәтіннің мағыналық кеңістігін кеңейтіп, оны интерпретациялаудың түрлі мүмкіндіктерін ашады.

Қазіргі қазақ прозасында мифопоэтикалық құрылымдардың да белсенді қолданылуы байқалады. Жазушылар ұлттық мифтер мен архетиптік бейнелерді жаңаша интерпретациялап, оларды заманауи көркемдік контексте қайта жаңғыртады. Бұл үрдіс ұлттық дүниетаным мен қазіргі көркемдік ойлаудың сабақтастығын көрсетеді.

Сонымен бірге постмодернистік поэтиканың белгілері – интермәтінділік, ирония, ойын элементтері, мәтінаралық байланыстар қазіргі прозада кеңінен көрініс табады. Бұл құбылыстар көркем мәтіннің дәстүрлі тұтастығын бұзып, оны ашық құрылым ретінде танытады.

«Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қорының қолдауымен жарық көрген «Тәуелсіздік тудырған романдар» (2012) атты ұжымдық еңбекте тәуелсіздік жылдары жазылған қазақ романдарының тақырыптық аясы, көркемдік-идеялық ерекшеліктері және кейіпкерлер жүйесі жан-жақты талданады. Аталған зерттеуде қарастырылған шығармаларда қазіргі қазақ прозасына тән поэтикалық ерекшеліктер айқын көрініс тауып, тарихи жад, ұлттық болмыс және жеке тұлғаның рухани ізденістері көркемдік тұрғыдан жаңаша пайымдалады. Сонымен қатар бұл романдарда авторлық баяндау жүйесі күрделеніп, нарративтік құрылымның жаңа үлгілері қалыптасқаны байқалады.

Еңбекте Х.Оралтайдың «Елім-айлап өткен өмір», Қ.Шабданұлының «Қылмыс», Ш.Мұртазаның «Ай мен Айша», «Тамұқ», З.Қабдоловтың «Менің Әуезовім», Р.Тоқтаровтың «Абайдың жұмбағы», Қ.Ысқақтың «Келмес күндерелесі», Қ.Жұмаділовтың «Таңғажайып дүние», Ұ.Доспанбетовтың «Қызыл жолбарыс», К.Сегізбайдың «Беласқан», Т.Әсемқұловтың «Талтүс», «Тұмар патшайым», Ж.Тұрлыбаевтың «Райымбек батыр», М.Мағауиннің «Жармақ», Ә.Асқаровтың «Өр Алтай, мен қайтейін биігіңді»,

Е.Раушановтың «Нұрдан жаралған», Ж.Ахмадидің «Есенгелді», Д.Амантайдың «Шайыр мен шайтан» романдары мазмұндық және стильдік тұрғыдан сараланады (Тәуелсіздік тудырған романдар, 2012).

Аталған романдардың барлығы тәуелсіздік жылдарында жазылып, ұлттық әдебиеттің жаңа сапалық деңгейге көтерілуін айғақтайды. Еңбекте бұл шығармалар Қ.Алпысбаев, Б.Ердембеков, Ж.Аймұхамбет, Қ.Байтанасова, Р.Әбілхамитқызы, С.Дүйсенғазин сынды зерттеушілер тарапынан қарастырылып, әр автордың шығармашылық ерекшеліктері мен көркемдік ізденістері ғылыми тұрғыдан жүйеленеді.

Осылайша, қазіргі қазақ прозасының поэтикасы дәстүр мен жаңашылдықтың тоғысында дамып, нарративтік құрылымның күрделенуі, жанрлық синтез және көркемдік стратегиялардың әртүрлілігі арқылы сипатталады. Бұл үдерістер ұлттық әдебиеттің сапалық тұрғыдан жаңарып, әлемдік әдеби кеңістікпен үндесе дамып келе жатқанын көрсетеді. Сонымен қатар қазіргі қазақ прозасы көркемдік ізденістердің жаңа кезеңіне өтіп, авторлық баяндау жүйесі мен поэтикалық құрылым тұрғысынан тың бағыттардың қалыптасуына негіз болып отыр.

### Қорытынды

Қорытындылай келе, қазіргі қазақ прозасының поэтикасы тәуелсіздік кезеңіндегі әдеби үдерістің маңызды құрамдас бөлігі ретінде мазмұндық әрі құрылымдық тұрғыдан жаңа сапалық деңгейге көтерілгені анықталды. Зерттеу барысында көркем мәтіннің баяндау құрылымы мен нарративтік стратегияларының түрленуі, поэтикалық жүйенің күрделенуі қазіргі прозаның басты ерекшеліктерінің бірі екені айқындалды.

Қазіргі қазақ прозасында дәстүрлі реалистік баяндау үлгілері сақтала отырып, модернистік және постмодернистік тәсілдермен толықтырылып, көркемдік ізденістердің жаңа бағыттары қалыптасқан. Әсіресе баяндаудың фрагментарлық сипаты, уақыт пен кеңістіктің шартты берілуі, көпдауысты құрылым, ішкі монолог пен жанама дискурс формаларының белсенді қолданылуы көркем мәтіннің көпқабатты табиғатын айқындайды.

Зерттеу барысында қазіргі қазақ прозасында баяндау құрылымы мен нарративтік стратегиялардың әртүрлілігі айқын көрініс тауып, оның поэтикалық ізденістерін сипаттайтын маңызды көркемдік құбылыс екені анықталды. Мифопоэтикалық құрылымдар, символдық бейнелер, имплицитті автор позициясы және нарративтік эксперименттер арқылы ұлттық әдебиеттің көркемдік көкжиегі кеңейгені байқалады.

Сонымен қатар тәуелсіздік кезеңінде жазылған романдарды талдау негізінде қазіргі қазақ прозасының тақырыптық аясы кеңейіп, тарихи жад, ұлттық болмыс және жеке тұлғаның рухани ізденістері жаңа көркемдік тұрғыдан пайымдалғаны айқындалды. Бұл үдеріс авторлық баяндау жүйесінің күрделенуіне және нарративтік құрылымның жаңа үлгілерінің қалыптасуына негіз болған.

Осылайша, қазіргі қазақ прозасының поэтикасы дәстүр мен жаңашылдықтың тоғысында дамып, көркем мәтіннің құрылымдық, семантикалық және нарративтік деңгейлерінде сапалық өзгерістерді бастан өткеріп отыр. Бұл өзгерістер ұлттық әдебиеттің әлемдік әдеби кеңістіктегі орнын айқындап, оның даму перспективаларын жаңа ғылыми тұрғыдан қарастыру қажеттігін көрсетеді.

### Әдебиеттер тізімі

Алтаева, Г.А., Қалымбетова Н.П. (2014). Қазақ анималистік әңгімесінің дискретті композициясы (1960–1970 жж.) *European Researcher*, 3-1 (70), 527-531. <https://doi.org/10.13187/issn.2219-8229>

- Алтай, А. (2013). *Киллер сауысқан: повестер мен әңгімелер*. Алматы: Арда+7.
- Барт, Р. (1989). Введение в структурный анализ повествовательных текстов. *Избранные работы: Семиотика. Поэтика*. Москва: Прогресс.
- Бахтин М.М. (1979). *Эстетика словесного творчества*. Москва: Искусство.
- Бунин, И.А. (2013). *Легкое дыхание*. Москва: Эксмо.
- Есембеков, Т.У. (2023). *Көркем мәтін теориясы мен поэтикасы*. Алматы: Қазақ университеті.
- Жарылғапов, Ж. (2009). *Қазақ прозасы: агымдар мен әдістер*. Қарағанды: Гласир.
- Кемелбаева, А. (2024). *Таңдамалы: әңгімелер, повестер*. Астана: Фолиант.
- Қирабаев, С. (2013). *Тәуелсіздік және әдебиет. Классикалық зерттеулер: көп томдық*. Алматы: Әдебиет әлемі.
- Лотман, Ю.М. (1970). *Структура художественного текста*. Москва: Искусство.
- Майтанов, Б. (2011). «Абай жолы» және тәуелсіздік рухы. *Ақиқат*, 3, 31-35.
- Мұқанова, Р. (2008). *Шатыр астындағы Мен*. Алматы: Жазушы.
- Мұртаза, Ш. (2006). *Бойтұмар*. Алматы: Раритет.
- Нұрғалиев, Р. (1986). *Телағыс. Әдеби дәстүр мен әдеби даму*. Алматы: Жазушы.
- Орда, Г. (2007). *Көркем ойдың құдіреті: зерттеулер мен мақалалар*. Алматы: КИЕ лингвоелтану инновациялық орталығы.
- Смағұлова, Н. (2010). *Тәуелсіздік жылдарындағы әдебиет жайлы не білеміз?* <http://lib.nkzu.kz/Library/>
- Тәуелсіздік тудырған романдар* (2012). Астана: Мастер-ПО.

## References

- Altaeva, G.A., & Kalymbetova, N.P. (2014). Discrete composition of the Kazakh animalistic story of 1960–1970s. *European Researcher*, 70(3-1), 527-531. <https://doi.org/10.13187/issn.2219-8229>
- Altai, A. (2013). *Killer sauysqan: povester men angimeler* [Killer magpie: novellas and stories]. Almaty: Arda+7 (In Kazakh).
- Bakhtin, M.M. (1979). *Estetika slovesnogo tvorchestva* [Aesthetics of verbal creativity]. Moscow: Iskusstvo (In Russian).
- Bart, R. (1989). Vvedenie v strukturnyi analiz povestvovatelnykh tekstov [Introduction to the structural analysis of narrative texts]. *Izbrannye raboty: Semiotika. Poetika* (pp. 387-422). Moscow: Progress (In Russian).
- Bunin, I.A. (2013). *Legkoe dykhanie* [Light breathing]. Moscow: Eksmo (In Russian).
- Esenbekov, T.U. (2023). *Korkem matin teoriyasy men poetikasy* [Theory of literary text and poetics]. Almaty: Qazaq universiteti (In Kazakh).
- Jarylghapov, Zh. (2009). *Qazaq prozasy: agymdar men adister* [Kazakh prose: trends and methods]. Karaganda: Glasir (In Kazakh).
- Kemelbaeva, A. (2024). *Tandamaly: angimeler, povester* [Selected works: stories and novellas]. Astana: Foliant (In Kazakh).
- Kirabayev, S. (2013). *Tauelsizdik zhane adebiet* [Independence and literature]. In *Klassikalyq zertteuler: kop tomdyq*. Almaty: Adebiet alemi (In Kazakh).
- Lotman, Yu.M. (1970). *Struktura khudozhestvennogo teksta* [Structure of the artistic text]. Moscow: Iskusstvo (In Russian).
- Maitanov, B. (2011). *Abai zholy zhane tauelsizdik rukhy* [The Path of Abai and the spirit of independence]. *Aqiqat*, (3), 31-35 (In Kazakh).
- Mukanova, R. (2008). *Shatyр astyndagy Men* [I under the roof]. Almaty: Zhazushy (In Kazakh).
- Murtaza, Sh. (2006). *Boitumar* [Amulet]. Almaty: Raritet (In Kazakh).

Nurgaliyev, R. (1986). *Telagys: adebi dastur men adebi damu* [Continuity: literary tradition and development]. Almaty: Zhazushy (In Kazakh).

Orda, G. (2007). *Korkem oidyn qudireti* [The power of artistic thought]. Almaty: KIE lingvoeltanu innovatsiyalyq ortalygy (In Kazakh).

Smagulova, N. (2010). *Tauelsizdik zhyldaryndagy adebiet zhaily ne bilemiz?* [What do we know about literature of independence years?]. Retrieved from <http://lib.nkzu.kz/Library/> (In Kazakh).

*Tauelsizdik tudyrgan romandar* (2012). [Novels shaped by independence]. Astana: Master-PO (In Kazakh).

**A. Zhorashova<sup>1</sup>, M. Arslan<sup>2</sup>**

<sup>1</sup> *L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan*

<sup>2</sup> *Pamukkale University, Denizli, Türkiye*

(E-mail: <sup>1</sup>[ayzhan.zhorashova@mail.ru](mailto:ayzhan.zhorashova@mail.ru), <sup>2</sup>[marслан@pau.edu.tr](mailto:marслан@pau.edu.tr))

### Poetics of Contemporary Kazakh Prose: Trends and Directions

**Abstract.** The article comprehensively examines the poetic features of contemporary Kazakh prose, its main development trends, and artistic directions. The study focuses on prose works of the independence period, analyzing their narrative structure, narrative strategies, and artistic system. It is demonstrated that while traditional realist models of narration are preserved, they are enriched with elements of modernist and postmodern poetics (intertextuality, fragmentation, irony), which leads to the structural complexity and multilayered nature of literary texts.

In addition, such features as fragmented narration, the conditional representation of time and space, polyphonic structure, and the active use of internal monologue and indirect discourse are identified as key poetic characteristics of contemporary Kazakh prose. The article also analyzes the reinterpretation of mythopoetic structures, the functions of archetypal images, and manifestations of intertextual connections, determining their role in the renewal of national literature.

Based on the analysis of selected works, the study reveals the artistic searches of contemporary Kazakh prose, the specifics of authorial narrative systems, and the role of narrative techniques in representing characters. Furthermore, the place of genre transformations and artistic experimentation within the modern literary process is defined.

The research concludes that the poetics of contemporary Kazakh prose develops at the intersection of tradition and innovation, demonstrating a qualitatively new stage in the development of national literature.

**Keywords:** Kazakh prose, poetics, narrative, narrative structure, mythopoetics, postmodernism, literary process.

**А. Жорашова<sup>1</sup>, М. Арслан<sup>2</sup>**

<sup>1</sup> *Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, г. Астана, Казахстан*

<sup>2</sup> *Университет Памуккале, г. Денизли, Турция*

(E-mail: <sup>1</sup>[ayzhan.zhorashova@mail.ru](mailto:ayzhan.zhorashova@mail.ru), <sup>2</sup>[marслан@pau.edu.tr](mailto:marслан@pau.edu.tr))

### Поэтика современной казахской прозы: тенденции и направления

**Аннотация.** В статье всесторонне рассматриваются поэтические особенности современной казахской прозы, ее основные тенденции развития и художественные

направления. В качестве объекта исследования выбраны образцы казахской прозы периода независимости, анализируются их повествовательная структура, нарративные стратегии и художественная система. В работе показано, что традиционные реалистические модели повествования в современной прозе сохраняются, однако дополняются элементами модернистской и постмодернистской поэтики (интертекстуальность, фрагментарность, ирония), что обуславливает структурную сложность и многослойность художественного текста.

Кроме того, в качестве ключевых поэтических признаков современной казахской прозы рассматриваются фрагментарность повествования, условность времени и пространства, полифоническая структура, активное использование внутреннего монолога и форм косвенного дискурса. В статье также анализируются новые интерпретации мифопоэтических структур, функции архетипических образов и проявления интертекстуальных связей, определяется их роль в обновлении национальной литературы.

На основе анализа отдельных произведений выявляются художественные поиски современной казахской прозы, особенности авторской повествовательной системы и роль нарративных приемов в раскрытии природы персонажа. Также определяется место жанровых трансформаций и художественных экспериментов в современном литературном процессе.

В результате исследования доказано, что поэтика современной казахской прозы развивается на стыке традиции и новаторства, демонстрируя качественно новый уровень развития национальной литературы.

**Ключевые слова:** казахская проза, поэтика, нарратив, структура повествования, мифопоэтика, постмодернизм, литературный процесс.

#### **Авторлар туралы мәлімет:**

**Жорашова Айжан Маратовна** – PhD докторант, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан. ORCID: <https://orcid.org/0009-0000-6984-4779>

**Мұстафа Арслан** – философия докторы (PhD), Памуккале университетінің профессоры, Денизли, Түркия. ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-1133-7373>

#### **Information about authors:**

**Zhorashova Aizhan Maratovna** – PhD student, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan. ORCID: <https://orcid.org/0009-0000-6984-4779>

**Mustafa Arslan** – Doctor of Philosophy (PhD), Professor Pamukkale University, Denizli, Turkey. ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-1133-7373>

#### **Сведения об авторах:**

**Жорашова Айжан Маратовна** – PhD докторант, Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан. ORCID: <https://orcid.org/0009-0000-6984-4779>

**Мустафа Арслан** – доктор философии (PhD), профессор университета Памуккале, Денизли, Турция. ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-1133-7373>



Бұл жұмыс Creative Commons Attribution-Коммерциялық Емес 4.0 Халықаралық лицензиясы бойынша лицензияланған.  
This work is licensed under Creative Commons Attribution-Noncommercial 4.0 International License